АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
МӘРТӨК АУДАНЫНЫҢ
МӘРТӨК
АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АКИМ
МАРТУКСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
МАРТУКСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

Актөбе облысы, Мәртөк ауданы, Мәртөк ауылы
Мартук Есет Көкіұлы көшесі, 96 үй, тел: 31090

РАСПОРЯЖЕНИЕ

Актюбинская область, Мартукский район, село
ул.Есет Кокиулы, д.96, тел: 31090

2026 жылы «16» қаңтар № 13

Мемлекеттік (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) бір көзден жүзеге асыру бойынша

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 6 бабы, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35, 37 баптары және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2024 жылғы 09 қазанындағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2 тарауына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Мәртөк ауылдық округіндегі 0,4 Вл желісінде орналасқан көшелерді жарықтандыру жүйесіне техникалық қызмет көрсету (жер асты желісі) бойынша сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырылсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Өтеуова Арина Сергеевна, мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы сатып алынатын «Мәртөк ауылдық округіндегі 0,4 Вл желісінде орналасқан көшелерді жарықтандыру жүйесіне техникалық қызмет көрсету (жер асты желісі)» нарығын талдау нәтижелері бойынша анықталған өнім берушіге шақыру жіберуді қамтамасыз етуді тапсырамын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасауды әкімшілік-қаржылық бөлімінің бөлім басшысы Г.Шмановаға қалдырамын.

4. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын.

5. Осы өкім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Мәртөк ауылдық округінің әкімі **А.Алтынтамбетов**